



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№30 (670)
23 ШІЛДЕ,
БЕЙСЕНБІ
2026 ЖЫЛ

Өңірде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып, қоғамда белсенділік танытып жүрген жастар жетерлік. Солардың бірі – журналист, блогер әрі педагог Айдана Маратқызы. Редакциямыздың тілшісі белсенді жастың еңбек жолымен танысып, әңгіме-дүкен құрып қайтты.

ЕҢБЕК ПЕН ІЗДЕНІС ТАБЫСҚА БАСТАЙДЫ

– Бүгінде шығармашылық пен педагогиканы қатар алып жүрсіз. «Сыр жұлдыздары» шығармашылық инновациялық білім орталығындағы қызметіңіздің ерекшелігі қандай? Балалармен жұмыс істеу сізге нені үйретті? – Негізгі өзімді шығармашыл, өнерге жақын жанмын деп есептеймін. Осы уақытқа дейін шығармашылығымды мәдениет саласында дамыттым. Ал өмір жолы мені педагогикаға алып келді. Шынымды айтсам, бұл сала жүрегіме өте жақын.

Қазір «Сыр жұлдыздары» шығармашылық инновациялық білім орталығында директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарамын. Сонымен қатар «Жас медиа» үйірмесінде оқушыларға медиа және шығармашылық бағытында дәріс беремін.

Орталықтың аты айтып тұрғандай, мұнда тек білім берумен шектелмей, әр баланың шығармашылық әлеуетін ашуға, ойын еркін жеткізуіне және жаңашыл көзқарасын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлеміз. Сабақпен қатар түрлі мәдени-танымдық әрі шығармашылық іс-шараларды тұрақты ұйымдастырамыз. Ал осындай жұмыстардың ортасында жүру, оқушылармен креативті форматта жұмыс істеу маған шабыт береді.

Бұл орталыққа келгендегі басты мақсатым – өзімнен кейін із қалдыратын шәкірт тәрбиелеу. Менің де бүгінгі жетістігіме жол көрсеткен, бағыт-бағдар берген ұстаздарым бар. Сол кісілерге алғысым шексіз. Енді олардың ізін жалғап, саналы, елге пайдалы ұрпақ тәрбиелегім келеді. Бойымдағы жақсы қасиеттерді, шығармашылыққа деген сүйіспеншілігімді және өмірлік тәжірибемді шәкірттеріме бере алсам, мен үшін сол еңбектің ең үлкен жемісі.

Балалармен жұмыс істеу, ең алдымен, шыдамдылыққа, жауапкершілікке және үнемі ізденісте болуға үйретті. «Бала да бір мектеп» деуші еді ұстаздарым, сондықтан олардан үйренерім көп. Әр баланың қабілеті мен арманы әртүрлі. Сол ерекшелікті байқап, оның дамуына ықпал ету – ұстаз үшін үлкен жауапкершілік әрі зор бақыт. Балалардың жетістігін көрген сайын еңбегімнің мәнін сезінемін. Сондай-ақ шығармашылық пен педагогиканың бір-бірінен ажырамайтын сала екеніне күн сайын көзім жетеді.

8-БЕТТЕ

Электронды сауда әлемдік экономиканың ғана емес, Қазақстан экономикасының да басты қозғаушы күштерінің біріне айналды. Бұрын ғаломтор арқылы киім-кешек пен тұрмыстық техниканы ғана сатып алатын қазақстандықтар бүгінде азық-түліктен бастап күнделікті тұтынатын ұсақ-түйекке дейін онлайн тапсырыс береді.

ОНЛАЙН САУДА — ОТАНДЫҚ БИЗНЕСКЕ ОРАСАН МҮМКІНДІК

Қазақстанда электронды сауда пандемия кезінде бұрын-соңды болмаған қарқынмен өсті. Егер 2021 жылы электронды сауданың бөлшек саудадағы үлесі небәрі 3,6% болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш бірден 12,5%-ға жетті. Яғни, өсім 8,9% тармақты құрады. Ал 2023 жылдың қорытындысында үлес 13%-ға дейін көтеріліп, өсім қарқыны баяулағанымен, нарықтың тұрақты даму кезеңіне өткенін көрсетті.

ЖАҢА АЙДАР

Кез келген мәселенің шешімін интернеттен іздеп, жасанды интеллектіден сұраймыз. Ал ақпарат көбейген сайын шешім қабылдаудың да қиындай түскені рас. Мұндайда дұрыс кеңес – уақытты да, қаржыны да, мүмкіндікті де сақтайтын сенімді көмекші.

Осы мақсатта газетімізде жаңа «Кеңес» айдары ашылды. Бұл бетте зангер, дәрігер және басқа да сала маманы мен сарапшылардың кеңесі жарияланады. Сондықтан жаңа айдарымыз оқырман үшін тек ақпарат көзі ғана емес, сенімді бағыт-бағдар болмақ.

Егер IELTS емтиханына дайындалудың тиімді тәсілі мен жоғары балл алу жолдарын іздеп жүрсеніз, түйіндемені қалай дұрыс жазуды үйренгініз келсе, біздің кеңеске құлақ түріп көріңіз. Мұнымен қоса саяхаттағанда бару керек ерекше жерлерді де қарастырдық. «Онлайн алаяқтыққа тап болған не істеу керек?» деген сауалға да арнайы тоқталдық. Осы тақырыптар қызықтырса, «Кеңес» бетін оқыңыз, құрметті оқырман!

5

Қазіргі жастардың ғылым мен технологияға деген қызығушылығы талай жобаның бастауына әсер етті. Әсіресе ақпараттық технологиялар саласында тың идея ұсынып, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған бастаманың саны көп. Сондай талапты жастың бірі – Қорқыт ата университеті Жасанды интеллект институтының 3-курс студенті, графикалық дизайнер әрі жас IT-жоба авторы Шұғыла Нұрғалиева. Жас болса да, көш басында жүрген Шұғыланың тәжірибесі көпке үлгі болары сөзсіз. Сондықтан кейіпкермен әңгімелесуді жөн көрдік.

IT ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ: ҚОҒАМ ИГІЛІГІНЕ АРНАЛҒАН ЖОБА

8

ШИЕЛІ: ИНВЕСТИЦИЯ КӨБЕЙСЕ, ЭКОНОМИКА КҮШЕЙЕДІ — 2

АУЫЗДЫ БАҚАДАЙ АШТЫҚ, МҰНДАЙДА КЕРЕК-АҚ САҚТЫҚ

Биылғы жаздың ыстығы бұрынғыдан өзгереді. Тек Қазақстанды ғана емес, әлем елдерін дабыл қақтырған шіліңгір шілденің «шуағы» көпті шошытты. Ауа температурасының жоғарылауына жаһандық жылынудың ықпалы бар ма? Тарих пен сала мамандарының зерттеулерін талқылап көрдік.

Маңдайын күн сүйген Қызылорда

«Отан оттан да ыстық, Қызылорда одан да ыстық», «Қызылорда Күнге ең жақын орналасқан қала»... Өзіл де болса, осы тіркес өткен аптаның негізгі фразасына айналды. Ауа температурамының 45°C-тан жоғары көтерілуі аймақ тұрғындарын біраз әбiргерге салды. «Казгидрометтің» мәліметінше, дәл мұндай жоғары температура Қызылорда облысында 2023 жылы тіркелген. Синоптиктердің сөзіне сүйенсек, аймақтағы аптапқа Өзбекстаннан келген құрғақ жылы ауа райының массасы әсер еткен. Осы орайда «ыстық кезеңнің алдағы уақытта қайталануы мүмкін бе?» деген сауалды «Казгидромет» РМҚ Қызылорда облыстық филиалынан сұрап білдік.

– Облыс бойынша шілде айында байқалған өте қатты ыстық ауа райы бәрімізді алаңдатқаны анық. 7-19 шілде күндері қала бойынша күндізгі ауа температурасы +45°C-қа дейін, облыс бойынша +47°C қатты ыстыққа көтерілді. Қалыпты деңгейден тыс мұндай температура 2025 жылы шілде айында да байқалған, бірақ ол уақытта 40 градустан жоғары болған күндер 3-4 күнді құраса, биыл 10-12 күнге созылды.

Шілде айының аяғы мен тамыз айының басында күндізгі ауа температурасы қайтадан 40-43°C-қа деп көтеріледі деп болжануда. Тамызда ауаның орташа айлық температурасы +25,5+28,1°C-ты көрсетуде, бұл облыс бойынша нормадан 1°C жоғары болады деген сөз (қалыпты жағдайда: +24,7+27,1°C). Тамыз айында да қатты ыстық жиі қайталанып, үш онкүндікте де жоғары температура сақталуы мүмкін, – дейді филиалдың бөлім басшысы Әйгерім Жөкелова.



КОЛЛАЖ А.НҰР

4



ЛА ДОП

МЕРЕКЕСІ
МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

7

ОНЛАЙН САУДА – ОТАНДЫҚ БИЗНЕСКЕ ОРАСАН МҮМКІНДІК



Әлемдегі электронды сауда көшбасшылары

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы сауда саласының келбетін түбегейлі өзгертті. Бүгінде интернет арқылы сауда жасау әлем тұрғындарының күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналған. Сарапшылардың мәліметінше, қазір әлем халқының шамамен 33%-ы, яғни 2,8 миллиардқа жуық адам интернет дүкендер арқылы сатып алады.

Қытай қазір электронды коммерция саласында әлемдегі ең ірі нарыққа ие мемлекет саналады. Елдегі Alibaba, JD.com және Pinduoduo секілді алып платформалар миллиардтаған долларлық сауда айналымын қалыптастырып отыр. Қытайлық маркетплейстердің жылдық сауда көлемі шамамен 3 триллион АҚШ долларына жетеді. Бұл әлемдік онлайн сатылымның жартысына жуығын құрайды.

Қытайдағы электронды коммерцияның басты ерекшелігі – мобилді сауданың жоғары деңгейде дамуы. Тұтынушылардың шамамен 70%-ы барлық сауданы смартфон арқылы жүзеге асырады. Қытайлық платформалар ЖИ-ді кеңінен пайдаланып, әрбір сатып алушының қызығушылығына сәйкес жеке ұсыныстар қалыптастырады. Бұл тұтынушылардың маркетплейсте ұзақ уақыт қалып, көбірек сатып алуына ықпал етеді.

Электронды коммерция саласындағы тағы бір ірі нарық – АҚШ. Елдегі интернет сауданың жылдық айналымы 1 триллион доллардан асады. Америкалықтардың басым бөлігі тапсырысты әлемдегі ең танымал маркетплейстердің бірі – Amazon арқылы береді. Статистика бойынша платформаның сайтына ай сайын шамамен 2,5 миллиард адам кіреді. Amazon-нан кейін АҚШ-та Walmart пен Apple интернет дүкендері де кеңінен қолданылады. Америкалық электрондық коммерцияның негізгі артықшылығы – дамыған логистика. Көптеген өңірде тұтынушылар тапсырысын бір күннің ішінде, кей жағдайда бірнеше сағат ішінде ала алады.

Еуропада электронды коммерция ең жоғары дамыған мемлекеттердің бірі – Ұлыбритания. Ел тұрғындарының шамамен 87%-ы қажетті тауарларын интернет арқылы сатып алады. Мұндай жоғары көрсеткішке жеткізу қызметінің сапасы, сенімді төлем жүйелері және электронды сервистердің дамуы ықпал еткен. Ұлыбританияда сатып алушылар арасында Amazon UK, Tesco және Sainsbury's интернет платформалары кеңінен танымал.

Электронды коммерция қарқынды дамыған мемлекеттердің қатарында Оңтүстік Корея да бар. Бұл елде халықтың 94%-ы интернетті тұрақты пайдаланады. Оның ішінде шамамен 70%-ы дүкен аралап уақыт жоғалтқаннан гөрі қажетті тауарын интернет арқылы сатып алғанды жөн көреді.

Дәстүрлі сауданың дәуірі аяқталды ма?

Интернет арқылы сатып алу қалыпты құбылысқа айналып, дәстүрлі дүкендер бұрынғыдай тұтынушыны тарта алмай жатыр. Соның салдарынан көптеген елде бөлшек сауда нысандары жабылып, сауда орталықтарының қызметі қайта қаралуда.



Басы 1-бетте

2024 жылдың қорытындысында ішкі электронды сауда көлемі 3,2 триллион теңгені құрап, бөлшек сауда айналымының 14,1%-ын қамтамасыз етті. Бір жылдың ішінде нарық 33%-ға өсіп, қосымша 800 миллиард теңгеге артқан.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша маркетплейстерді ескере отырып, электронды сауда нарығының көлемі 3,8 триллион теңгені құрады. Оның ішінде электронды коммерция платформалары арқылы жүзеге асқан сауда айналымының үлесі 86% немесе 3,2 триллион теңге болса, меншікті интернет-ресурстар арқылы өткізілген тауарлардың көлемі 531 млрд теңгені, яғни 14%-ды құрады.

Бұл өсімнің негізгі қозғаушы күші – маркетплейстер. Кейінгі бірнеше жылда олар интернет арқылы сауда жасаудың басты алаңына айналып, кәсіпкерлер мен тұтынушылардың күнделікті өміріне етене енді. Қазақстанда мұндай модель 2018 жылдан бастап белсенді дами бастады. Қазіргі уақытта еліміздегі экономикалық белсенді 9,5 миллион адамның шамамен 5 миллионы электронды коммерция саласына тікелей немесе жанама түрде қатысады.

Forbes басылымының мәліметінше, өткен жылы АҚШ-та шамамен 15 мың дүкен жұмысын тоқтатқан. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда екі есе жоғары көрсеткіш. Әсіресе Нью-Йорк, Балтимор және Чикаго секілді ірі қалаларда ондаған жыл бойы жұмыс істеген сауда үйлер жабылудың алдында тұр. Қаржы сарапшылары бұл құбылысты «бөлшек сауданың ақырзаманы» деп сипаттайды. Өйткені тұтынушылардың басым бөлігі қажетті тауарларын интернет арқылы сатып алуға көшкен.

тауарлары, оның ішінде косметика, тұрмыстық химия, азық-түлік және басқа да өнімдер құрайды.

2025 жылы e-grocery сегменті, яғни азық-түлікті интернет арқылы сатып алу тұрақты әрі толыққанды нарыққа айналды. Бұл бағыттағы ең танымал платформалар болып Kaspi, Яндекс Еда, Magnum тіркелген. Олардан кейін Glovo мен Ar-buz қызметтері келеді. Бұл көрсеткіштер онлайн сауданың халықтың күнделікті тұрмысына толық енгенін аңғартады.



Бүгінде әлемде әрбір үшінші тауар онлайн сатылады. Өткен жылдың қорытындысында электронды коммерция жалпы бөлшек сауда айналымының шамамен 21%-ын құрады. Сарапшылардың болжамынша, келесі жылы әлемдік электронды сауда көлемі 8 триллион долларға жуықтайды.

Электронды сауданың қарқынды дамуы дәстүрлі базарлардың болашағына қатысты түрлі пікірдің тууына себеп болды. Дегенмен сарапшылар офлайн сауда толықтай жойылады деген пікірмен келіспейді. Олар электронды коммерцияны сауда жүргізудің баламалы арналарының бірі ретінде қарастыруды ұсынады. Айтуларынша, дәстүрлі сауда орындары мен интернет-дүкендер бірін-бірі алмастырмайды, керісінше қатар дамиды. Себебі тұтынушылардың бір бөлігі тауарды көзбен көріп, сапасын тексеріп барып сатып алуды жөн көреді. Сондықтан базарлар мен дүкендер алдағы уақытта да өз маңызын жоғалтпайды.

Сондай-ақ мамандардың айтуынша, болашақта сауда орталықтары тек тауар сататын орын емес, адамдар демалатын, уақыт өткізетін қоғамдық кеңістікке айналады. Мұнда мейрамхана, кинотеатр, ойын-сауық орталықтары мен түрлі мәдени іс-шара басымдыққа ие болады. Ал сатып алу процесі онлайн және офлайн форматтың үйлесімі арқылы жүзеге асады. Осылайша, цифрландыру дәуірінде электронды сауда бұрынғыдан да күшейе түскенімен, дәстүрлі сауда нысандары мүлде жоғалып кетпейді. Олар заман талабына сай жаңарып, тұтынушыларға жаңа қызмет түрлерін ұсынатын көпфункционалы орталықтарға айналмақ.

Қазақстандағы электронды сауда жаңа кезеңде

Онлайн сауданың дамуы еңбек нарығына да оң ықпал етті. Кейінгі жылдары электронды коммерция экожүйесінде шамамен 300 мың адам жұмыспен қамтылған.

Қазір Қазақстандағы танымал платформалардың қатарында Kaspi.kz, Halyk Market, Ozon, Wildberries және Teez бар. Соның ішінде Kaspi.kz ішкі нарықтағы ең беделдісі. Платформа төлем жүйесін, банк қызметті, маркетплейс пен логистиканы біріктірген цифрлық экожүйеге айналды.

Статистикаға сәйкес, маркетплейстердегі сатылымның 62%-ы электр техникасы, смартфондар және жеңіл өнеркәсіп тауарларының үлесіне тиесілі. Қалған 38%-ын күнделікті тұтыну

2024-2025 жылғы статистика бойынша онлайн саудада ең жоғары сұранысқа ие санат – телефондар мен түрлі гаджеттер болды. Ал екінші орында тұрмыстық техника орналасқан. Үздік үштікті киім, аяқ киім және спорт тауарлары түйіндеді. Сонымен қатар қазақстандықтар онлайн платформалар арқылы компьютерлер, ноутбуктер және бағдарламалық жасақтама, ету, үй мен саяжайға арналған тауарлар, автокөлікке қажетті бұйымдар, жиһаз, азық-түлік өнімдерін де белсенді сатып алған.

Сонымен қатар маркетплейстерде «Қазақстанда жасалған» арнайы бөлімдері енгізіліп, отандық өнімдердің көрінуін арттыру жұмыстары жүргізілуде.



Олжас Бектенов электронды саудадағы ең өзекті мәселелердің бірі – маркетплейстердегі тауар сапасы екенін атап өтті. Оның айтуынша, көптеген платформада сатылатын өнімдердің түпнұсқалығы туралы толық ақпарат көрсетілмейді. Мұндай жағдай бір жағынан тұтынушылардың құқығына қауіп төндірсе, екінші жағынан заңды әрі адал кәсіпкерлердің бәсекеге қабілеттілігіне кері әсер етеді.

Үкімет электронды коммерциямен қатар дәстүрлі сауда жүйесін де цифрландыруды көздеп отыр. Министрліктің тапсырмасына сәйкес, еліміздегі базарлар, сауда орындары және үй маңындағы шағын дүкендердің қызметін кезең-кезеңімен цифрландыру бойынша ұсыныстар дайындалуы тиіс. Бұл көлемді сауда көлемін азайтып, есептілікті жеңілдетуге және кәсіпкерлер үшін бірыңғай цифрлық орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік бюджет үшін де маңызы зор

Электронды коммерция тек тұтынушылар үшін ғана емес, мемлекеттік бюджет үшін де маңызды табыс көзіне айналды. Бүгінде маркетплейстердің арасында ең көп салық төлейтін компания – Kaspi.kz. Ал үздік бестікке Wildberries, Ozon Қазақстан, OLCX, Flip.kz интернет дүкендері кіреді.

Маркетплейстердің дамуы, ең алдымен, шағын және орта кәсіпкерлікке оң әсерін

тигізуде. Статистикаға сәйкес, маркетплейстер арқылы жүзеге асатын бөлшек электронды сауданың 96,1%-ы шағын және орта бизнес субъектілерінің үлесіне тиесілі. Оның ішінде 79%-ы – орта кәсіпорын, 17,1%-ы – шағын кәсіпорын, 3,9%-ы – ірі компания.

Заңдағы жаңа түзетулерге сәйкес, Қазақстан аумағында қызмет көрсететін шетелдік маркетплейстер салықтық тіркеуден өтіп, заңнамада көзделген міндеттемелерді орындауы тиіс. Бұл тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейтіп, мемлекеттік бюджетке түсетін салық түсімдерін арттыруға бағытталған. Мәселен Satu.kz, Wildberries және Lamoda халықаралық тәжірибеге сүйенетін платформалар ретінде жұмыс істейді. Олардың Қазақстанда филиалдары, серіктестері немесе қоймалары болғанымен, басқару құрылымдары шетелдік компаниялармен байланысты.

Электронды сауда саласындағы маңызды өзгерістің бірі – мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту. Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев Қазақстанда жұмыс істейтін маркетплейстер мен сатушылар қазақ тілінде қызмет көрсетуге міндеттелетінін мәлімдеген болатын. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңның 25-бабына сәйкес, интернет арқылы сатылатын кез келген тауардың атауы, бағасы, негізгі сипаттамасы және сатып алу шарттары туралы ақпарат тұтынушыға қазақ және орыс тілдерінде ұсынылуы тиіс. Министрдің айтуынша, тұтынушы өзіне қажетті ақпаратты түсінікті әрі сенімді түрде алуы керек. Сондықтан электронды сауда платформалары Конституция мен қолданыстағы заң талаптарына сәйкес мемлекеттік тілде толыққанды қызмет көрсетуге кезең-кезеңімен көшеді.

Арыз-шағым азаймай тұр

Электронды коммерцияның дамуы жаңа мүмкіндіктермен қатар белгілі бір қауіптерді де қатар алып келді. Соның ішінде ең өзектісі – сатып алынған тауардың сапасына қатысты мәселелер. Тұтынушы тауарды қолмен ұстап көрмейтіндіктен, кей жағдайда сипаттамасы мен сапасы сәйкес келмейтін өнімдерге тап болады. Осындай жағдайлар азаматтардың шағымдарының көбеюіне әсер етіп отыр.

Өткен жылы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне жалпы саны 83 мың өтініш түскен. Оның ішінде 18 мыңға жуығы электронды сауда саласына қатысты болған. Комитеттің мәліметінше, жүргізілген жұмыстың нәтижесінде тұтынушыларға жалпы құны 2,8 миллиард теңгенің тауары қайтарылып немесе ауыстырылған. Бұл туралы ҚР тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің бас сарапшысы Шәкәрім Хайдар толығырақ баяндады.


– 83 мың өтініштің жалпы алғанда былай 37 пайызы бойынша тұтынушылардың құқықтары

қанағаттандырылған және тура сол көлемде, яғни 32% көлемінде тұтынушыларға құқықтық көмек көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 22-23%-ы арасында әкімшілік рәсімдік кодексе шеңберінде бірлескен жұмыс жүргізу үшін өтініштің мәніне қарай беинді мемлекеттік органдарға жолданды, ал қалған өтініштер қалыста қалған және тұтынушылардың өздері кері қайтарып алған өтініштердің саны, – дейді сарапшы.

Сауда және интеграция министрілігінің мәліметінше, азаматтардың басым бөлігі Instagram, WhatsApp, Facebook, Telegram және басқа да әлеуметтік желілер арқылы жасалған сатып алуларға қатысты шағымданады. Мұндай сауда түрі классикалық маркетплейстерден ерекшеленеді және олардың қызметіне тікелей қатысы жоқ. Ведомствоның мәліметіне сәйкес, мұндай мәселелерді жедел шешу үшін Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті арнайы байланыс арналарының жұмысын жолға қойған. Қазір азаматтар электрондық пошта немесе WhatsApp чаттары арқылы өтініш жолдап, жедел кеңес ала алады.

Онлайн сатып алу тұрғындардың уақытын үнемдеп, кәсіпкерлерге жаңа нарыққа шығуға мүмкіндік беріп отыр. Алайда саланың тұрақты дамуы үшін тұтынушылардың сенімін арттыру, сапасыз өнімдердің жолын кесу және сатып алушылардың құқықтарын тиімді қорғау ерекше маңызды.

Аружан ОРАЛБАЙ
Суреттер ашық дереккөзден алынды



Басы 1-бетте

ЖАҒАНДЫҚ ЖЫЛЫНУДЫҢ ЖАЙ-ЖАПСАРЫ

Биыл Еуропада да рекордтық ауа температурасы тіркелген. Ми қайнатар ыстықтан кәрі құрлықта жаз басталғалы 10 мыңнан астам адам көз жұмған. Маусым айының соңында өлім-жітімнің ең жоғары деңгейі Франция мен Бельгияда тіркелді. Германияда аптап ыстықтан 5 мыңнан астам адам қаза тапса, Англия мен Уэльсте мұндай ауа райы тағы 2 мың 700 адамның өмірін жалмаған.

Қазір «Нью-Йоркте аптап ыстықтан асфальт еріп кетті», «Португалияда қауіптің қызыл деңгейі жарияланды», «Швейцариядағы ыстықтан мұздықтар еруде» деген жаға ұстатар жаңалық жиі жариялануда. Жерге жұмыртқа қуырып алардай жағдайлардың қайталуына жаһандық жылынудың ықпалы жоғары деген болжам бар. Себебі аталған құбылыс ауа райына көптеген жолмен әсер етеді. Мәселен, орташа ауа температурасы өсіп, аптап ыстық жиілеп, ұзаққа созылады. Кейбір аймақта нөсер жанбыр көбейсе, басқа жерлерде құрғақшылық күшейеді. Полярлық мұздар мен тау мұздықтары еріп, теңіз деңгейінің көтерілуіне де ықпал етеді.

Осы орайда «Болашаққа қозғалыс» жеке қорының директоры Диас Бекмұратұлынан әлемдегі ауа температурасының күрт көтерілуіне жаһандық жылынудың ықпалы жайлы сұраған едік.

– Жаһандық жылыну – аптап ыстыққа әсер етіп отырған негізгі фактордың бірі. Бұл ғылыми болжам емес, халықаралық ғылыми қауымдастық толық мойындаған, зерттеулермен дәлелденген факт. БҰҰ жанындағы Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының (IPCC) алтыншы бағалау баяндамасы мен Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның (WMO) соңғы есептері Жердің климаттық жүйесінің жылынуы сөзсіз жүріп жатқанын растайды. Жаһандық температураның өсуінің негізгі себебі – адамның шаруашылық қызметі. Атап айтқанда, көмір, мұнай және табиғи газ сияқты қазба отындарын қарқынды пайдалану, өнеркәсіптің дамуы, көлік шығарындылары, ауыл шаруашылығы және орман алқаптарының қысқаруы атмосферадағы көмірқышқыл газы (CO₂), метан (CH₄) және азот тотығы (N₂O) сияқты парниктік газдардың концентрациясын күрт арттырды. Нәтижесінде атмосфера Жерден таралатын жылуды көбірек ұстап

калып, табиғи жылу теңгерімі бұзылып, планетаның орташа температурасы тұрақты түрде жоғарылап келеді.

Парниктік газдардың атмосферадағы концентрациясы өнеркәсіптік революциядан бері бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Бұл газдар Күннен келетін сәулені өткізіп, Жерден қайта таралатын жылуды атмосферада ұстап қалады. Ғылымда бұл құбылыс «парниктік әсер» деп аталады. Парниктік әсер – табиғи процесс, алайда адам әрекетінің нәтижесінде оның қарқындылығы бірнеше есе күшейіп, Жердің табиғи климаттық тепе-теңдігі бұзылды. Соның салдарынан планетаның орташа температурасы тұрақты түрде өсіп, климаттық жүйеде ауқымды өзгерістер орын алуда.

Ғалымдардың пікірінше, егер парниктік газ шығарындылары қазіргі қарқынмен жалғаса берсе, ХХІ ғасырдың соңына қарай жаһандық температура тағы бірнеше градусқа көтерілуі мүмкін. Бұл өз кезегінде мұздықтардың жаппай еруіне, теңіз деңгейінің көтерілуіне, құрғақшылықтың жиілеуіне, орман өрттерінің көбеюіне, ауыл шаруашылығы өнімділігінің төмендеуіне және су ресурстары тапшылығының күшеюіне алып келеді. Бүгінде климаттың өзгеруі экологиялық мәселе ғана емес, әлемдік экономикаға, азық-түлік қауіпсіздігіне және халық денсаулығына тікелей әсер ететін жаһандық сын-қатерге айналды, – дейді Д.Бекмұратұлы.

РЕКОРДТАР ТІРКЕЛГЕН ЖЫЛ

Сарапшы маманның сөзіне сүйенсек, жаһандық жылыну аптап ыстықтың негізгі себебі болғанымен, бұл құбылысқа әсер ететін өзге де табиғи және антропогендік факторлар бар.

Біріншіден, атмосфералық циркуляцияның өзгеруі маңызды рөл атқарады. Кейінгі жылдары әлемнің көптеген өңірінде жоғары қысым аймақтары немесе «жылу күмбезі» (heat dome) деп аталатын құбылыс жиі байқалуда. Бұл кезде жоғары қысым атмосфераның жоғарғы қабатында өзіндік «қапқақ» тәрізді қалыптасып, ыстық ауаны белгілі бір

АУЫЗДЫ БАҚАДАЙ АШТЫҚ, МҰНДАЙДА КЕРЕК-АҚ САҚТЫҚ

аумақта ұзақ уақыт ұстап қалады және салқын ауа массаларының келуіне мүмкіндік бермейді. Соның салдарынан бұлттардың түзілуі мен жауын-шашын азайып, күн сәулесі жер бетін үздіксіз қыздырады. Топырақтағы ылғалдың азаюы да температураның одан әрі көтерілуіне ықпал етеді, өйткені күн энергиясының басым бөлігі булануға емес, жер мен ауаны қыздыруға жұмсалады. Нәтижесінде ауа температурасы бірнеше күн, кейде бірнеше апта бойы өте жоғары деңгейде сақталып, аптап ыстықтың қарқындылығы күшейеді. Құрғақшылық пен табиғи өрттің қаупі артады.

Екіншіден, табиғи климаттық құбылыстардың бірі – Тынық мұхитының экваторлық бөлігіндегі су беті температурасының мерзімді көтерілуімен сипатталатын Эль-Ниньо (El Niño) құбылысы. Ол атмосфералық циркуляцияны өзгертіп, әлемнің көптеген өңіріндегі ауа райына әсер етеді. Эль-Ниньо байқалған жылдары бірқатар елде аптап ыстықтың күшеюі, құрғақшылықтың артуы, жауын-шашын режимінің өзгеруі және температуралық рекордтардың жаңаруы жиі тіркеледі.

Үшіншіден, урбанизацияның әсері де өте жоғары. Ірі қалаларда асфальт, бетон, шатырлар мен тығыз орналасқан ғимараттар күн сәулесінің жылуын бойына сіңіріп, оны кешкі және түнгі уақытқа дейін ұзақ ұстайды. Топырақ пен өсімдік жамылғысының азаюы салқындату үдерісін әлсіретеді. Ал көлік қозғалысы, өндіріс орындары, жылу жүйелері мен кондиционерлер қоршаған ортаға қосымша жылу



бөледі. Биік ғимараттар желдің еркін өтуін шектеп, қызған ауаның қала ішінде тұрып қалуына әсер етеді. Соның нәтижесінде қала орталығындағы ауа температурасы шет аймақтар мен ауылдық жерлерге қарағанда бірнеше градусқа жоғары болуы мүмкін, әсіресе бұл айырмашылық түнгі уақытта айқын байқалады. Ғылымда бұл құбылыс «қалалық жылу аралы» (Urban Heat Island) деп аталады. Ол аптап кезеңдерде адам денсаулығына түсетін салмақты күшейтіп, электр энергиясы мен суға сұранысты арттырады және қалалық инфрақұрылымға қосымша жүктеме түсіреді.

Төртіншіден, жер жамылғысының өзгеруі де климатқа елеулі ықпал етеді. Орман алқаптарының қысқаруы, жердің шамадан тыс игерілуі, шөлейттену,

жайылымдардың тозуы және табиғи экожүйелердің бұзылуы топырақтағы ылғал қорының азаюына әкеледі. Ылғал жеткіліксіз болған жағдайда жер беті булану арқылы табиғи түрде салқиндай алмайды, сондықтан күннен түскен энергияның басым бөлігі топырақ пен ауаны қыздыруға жұмсалады. Соның салдарынан жер беті тезірек қызады, ауа температурасы жоғарылап, аптап ыстықтың қарқыны мен ұзақтығы күшейеді.

Қазақстандағы ұзақ мерзімді метеорологиялық бақылаулар да тұрақты жылыну үрдісін көрсетеді. Климаттық зерттеулерге сәйкес, 1976 жылдан бері еліміздің орташа жылдық ауа температурасы әр онжылдық сайын шамамен 0,4°C-қа жоғарылаған. Көктем мезгілінде кейбір өңірдегі жылыну қарқыны бұдан да жоғары болып, он жыл ішінде 0,7-0,9°C-қа дейін жетеді. Бір қарағанда бұл көрсеткіштер аса үлкен болып көрінбеуі мүмкін. Алайда климаттық жүйе үшін температураның бірнеше ондық градусқа тұрақты көтерілуінің өзі жауын-шашын режимін өзгертіп, топырақтағы ылғалдың азаюына, құрғақшылық пен өрт қаупінің артуына алып келеді.

Бұл үрдісті 2025 жылдың қорытындысынан анық көруге болады. «Қазгидромет» дерегі бойынша, былтыр Қазақстанда 1941 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан метеорологиялық бақылаулар тарихындағы ең жылы жыл болды. Ел аумағы бойынша орташа жылдық температураның ауытқуы 1991-2020 жылдардағы климаттық нормамен салыстырғанда +2,11°C-қа жеткен. Бұған дейінгі рекорд 2023 жылы тіркеліп, температуралық ауытқу +1,73°C болған еді. Яғни небәрі екі жылдың ішінде жаңа температуралық рекордтың орнауы Қазақстандағы жылыну үрдісінің қаншалықты қарқынды жүріп жатқанын көрсетеді.

– Қазақстанның жағдайына келсек, еліміздің шұғыл континенттік климаты да температураның күрт көтерілуіне әсер ететін табиғи фактордың бірі. Еліміз мұхиттардан алыс орналасқан. Жаз мезгілінде Орта Азия мен Иран аймағынан келетін құрғақ әрі ыстық тропиктік ауа массалары еліміздің оңтүстік және батыс өңірлеріне, кей жағдайда орталық және солтүстік өңірлеріне дейін еркін енеді. Мұндай синоптикалық жағдай жаһандық жылынудың әсерімен қатар келсе, ауа температурасы +40...+45°C, кейде одан да жоғары деңгейге дейін көтеріледі. Кейінгі жылдары Қазақстанда ыстық толқындарының жиілігі мен ұзақтығының артуы, құрғақшылықтың күшеюі және табиғи өрттердің көбеюі осы үрдістің байқалуы отырғанын көрсетеді.

Халықаралық ғылыми қауымдастықтың ортақ қорытындысы бойынша, климаттық өзгерістердің негізгі қозғаушы күші – адам қызметі салдарынан атмосферадағы парниктік газдардың көбеюі және соның нәтижесінде қалыптасқан жаһандық жылыну. Сондықтан мәселені шешу үшін тек аптап ыстықтың салдарымен күресу жеткіліксіз. Парниктік газдар шығарындыларын азайту, табиғи экожүйелерді сақтау және елді мекендерді климаттық өзгерістерге бейімдеу шараларын жүйелі түрде жүзеге асыру қажет, – дейді «JASYL EL» жастар еңбек жасактарының республикалық штабы басшысының орынбасары Д.Бекмұрат.

Аптап ыстықтың жылдан жылға жиі қайталануын бір ғана фактормен түсіндіру мүмкін емес. Бұл – жаһандық жылыну, атмосфералық циркуляцияның өзгеруі, табиғи климаттық циклдер, урбанизация, жер жамылғысының бұзылуы және өңірлік климат ерекшеліктері өзара ықпалдасатын күрделі үдеріс. Аталған факторлар бір мезгілде қатар келгенде аптап ыстықтың жиілігі артып қана қоймай, оның ұзақтығы мен қарқындылығы да күшейеді. Сондықтан адамзат қатердің алдын алмаса жағдай жыл сайын қиындай бермек.

Г.ЖҰМАДИНОВА

AUALINE: ЛАСТАНУ КӨЛЕМІН АЗАЙТАДЫ



Алматы дегенде көз алдымызға асқар тау мен жасыл желек елестейтіні рас. Бірақ кейінгі жылдары алып шаһардың тынысын тарылтқан қою түтін көбейді. Өткен жылғы швейцариялық «IQAir» компаниясының зерттеуіне сәйкес, Алматы әлемдегі ең ластанған қалалардың арасындакөш басында тұрды. Мәселені айтып қоя салу аз, оны шешу жолдарын ойластыру қажет. Дәл осындай ой Нарминахон Иманғалиеваны да алаңға салды. Нәтижесінде Қазақстанда ластанудың көлемін азайта алатын «Aua-line» жобасы дүниеге келді. Бұл жоба – түтінді жинап алып, оны баспаханалық және принтерлік сияға айналдырудың әдісі.

Идеяның өзектілігі – экологиялық апатпен күресе отырып, креативті индустрияға жаңа серпіні беру. Қала ауасындағы зиян бөлшектер мен күйені арнайы сүзгілер арқылы жинап, оны химиялық өңдеуден өткізудің нәтижесінде сапалы пигмент шығады. Ал кейін бояуларға, маркерлер мен қаламдарға арналған сия, принтерлер мен баспахана құрылғыларына қажетті пигменттер жасап шығарылады.

Жас өрен ойлап тапқан бұл жоба тек жергілікті қауымды емес, халықаралық сарапшылардың да таңдайын қақтырды. Ұлы түтінді пайдалы өнімге

айналдыру идеясы бірнеше стартап-байқау мен ғылыми конкурстарда үздіктер қатарынан көрінді. Бұл технология, тіпті, зияткерлік меншікті қорғау құқығына ие болды. Ал алда жобаны қандай өзгерістер күтіп тұр?

– Болашақта өнімді B2B және B2G бағыттары бойынша дамытуды жоспарлап отырмыз. Мақсатымыз тек өнім сатумен ғана шектелмей, Green Printing бағдарламасын іске асыру. Бұл бағдарлама аясында компаниялар біздің бояуды сатып алу арқылы көміртек ізін азайтып, ESG сертификаттарын иеленуге мүмкіндік алады. Алғашында Қазақстан нарығында жұмысымызды бастаймыз, кейіннен қызмет ауқымын кеңейтіп, Орта Азияның басқа елдерінің нарығына шығуды мақсат етіп отырмыз, – деді Нарминахон.

ESG – бұл компаниялардың қоршаған ортаға тигізетін әсерін, қоғаммен қарым-қатынасын және корпоративтік басқару сапасын бағалауға арналған тұрақты даму критерийлері мен стандарттарының жиынтығы. Ал енді елестетініз, әр бизнес өкілі тауарға осындай белгі қойса, қай өнім қоршаған ортаға зиян тигізетінін немесе тигізбейтінін біле алатын едік.

Жұмыс барысы үш кезеңнен тұрады. Оның әрқайсысы өнімнің сапасына әсер етеді. Сондықтан мұнда қате болмауы тиіс.



– Алғашында сүзгіден жиналған көміртекті алып, оны газартып, кептіреміз. Кейін механикалық және магниттік сүзгіден өткізіп, бөлшектерін жіктеп, сонында пигментке айналдырамыз. Ең күрделі кезең – бөлшектердің өлшемін реттеу. Оның көлемі 6-9 микрометр болуы қажет. Егер бөлшектер тым үлкен болса, баспа сапасы төмендеп, түйіршік пайда болады. Ал тым кішкентай болса, тонер шанданып, басып шығару кезінде қолайсыздық тудырады. Өнім сапасын тұрақты бақылау үшін біз бөлшектердің пішіні мен пигменттің сапасын талдайтын жасанды интеллектіге негізделген бот әзірледік, – деді біздің кейіпкер.

Өрине мұны жүзеге асыру оңай болмады. Жобамен жұмыс істеген кезде Нарминахон командамен бірге 40-тан астам тәжірибе жасаған.

Мұның бәрі тек бір сақатта – мінсіз формула табу. Ең басында кейіпкеріміз күйені ұсақтау өте қиын болғандықтан, оны тонер жасауға жарамсыз материал деп ойлаған. Бірақ кейін әлеуметтік желі арқылы білікті химиктермен байланысқа шығып, шын мәнінде күйені белгілі бір кезде ғана ұсақтауға болатынын түсінген.

Міне, дәл осылай Нарминахон 16 жасында көлемді жобаны іске асырды. Байқағандарыңыздай, ол бірден мінсіз формула ойлап таппады. Кейіпкеріміз ізденді, зерттеді, бар зейінін жобаға қойды. «Менің идеям тек пайдалы ғана емес, сонымен қатар логикаға, жүйелілікке және жан-жақты талдауға негізделген болғанын қаладым» деген еді ол. Кейіпкерімізден үйренеріміз – тек идеяны ойластыру аздық етеді, жетістікке жету үшін әрекет қажет.

Мейір НИЕТ



АЛАЯҚТЫҢ АРБАУЫНА ТҮСКЕНДЕ...

Иә, бүгінде интернет арқылы жасалатын алаяқтықтың да түрі көбейіп барады. Қаржыңызға көзі мен қолын сұққан қаскөйлер өзін банк қызметкері, құқық қорғау органы өкілі немесе интернет-дүкен сатушысы ретінде таныстырып, ақшаны түрлі айламен қалтаға басып жатыр. Мұндай жағдайға тап болған адам көбіне абдырап, қандай әрекет жасау керек екенін білмей де қалады. Алайда уақытылы әрі дұрыс қадам жасау шығынды азайтып, кінәліні анықтауға көмектеседі.

Онлайн алаяқтық жайлы не білуіміз керек? Олар қандай тәсіл арқылы жұмыс істейді? Осы орайда Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаментімен байланыстық. Бізден сауал, ал маманнан жауап болсын.

Алаяқтар жиі қолданатын тәсіл – әлеуметтік желідегі жалған инвестициялық жарнамалар. «Қазатомөнеркәсіп», «Самұрық-Қазына», «ҚазМұнайГаз» секілді ірі компанияның атын пайдаланып, табыс табуға шақыратын жарнамалардың басым бөлігі алаяқтардың аяласы. Мұндай шабарландыруға телефон нөмірін қалдырған азаматқа өзін инвестициялық компанияның менеджері ретінде таныстыратын орыс тілді адам міндетті түрде хабарласып, қаражатыңызды жымқыруға әрекет жасайды.

Мұнан бөлек, алаяқтар пошта арқылы зат келгенін айтып,

Киберполиция - тағыда есіңізге салады !!!

- ✓ **Танымайтын нөмірден орыс тілде хабарласса,** күлменен қарап, саятқ туралы айлаңар, олар алаақ болуы әбден мүмкін...
- ✓ **СМС код айтып қондындесе қорықпаңыз,** өйткені СМС арналы несиелі айналады, бұл жәй ғана алаңдатырды, Сізді алаңдатырғанын тесіңіз...
- ✓ **Ақша көбейтемін деген жарнамаларға сенбеңіз,** өйткені Instagram, Facebook, YouTube парашарларындағы ишары инвестиция, криптобиржа, ірі компаниялар арқылы көбейту деген жарнамалардың барлығы дұрыс алаңды...
- ✓ **Банктік реквизиетті интернетке енгізбейсіз, басқа адамға бермеңіз,** өйткені саяттар мен сәттемелерге банкілер деректерді енгізу және біреуге пайдалануға берудің сапары – Сізді қоғамдық шығынға бағытты және қылмыстық жазаға алауы мүмкін...
- ✓ **Көрмеген адамға алдың ала төлем жасаманыз,** өйткені ишары саятшы, арзан тауар, арзан ақпарат, арзан пәтер және нағыз беретін пәтерлер болмай алаңдар Сізді алаңдатырды, алдың ала төлем жасатып, жоқ болып кетеді. Бұндай жағдайлар өте жиі орын алады...

Жақыныңа жанашыр бол – саятқы туралы айта жүр, алаяқтарға бірге тосқауыл болайық !

емханаға тіркеліп, анализ тапсыру керек екені жайында хабарлап, SIM картаңыздың мерзімін ұзарту керек деп те байланысқа шығады. Тіпті өзін жарық немесе су жүйесінің маманынан бастап полиция қызметкері ретінде де таныстырады. Сондықтан барлығына бірдей сенуге болмайтынын естен шығармаған жөн.

Ал кейінгі уақытта «WhatsApp» мессенджеріндегі аккаунттарды бұзып, таныстарынан қарыз сұрау жағдайы да жиілегенін сіз де білесіз. Өдетте алаяқтар күлдік тудырмас үшін 20-50 мың теңге көлеміндегі салыстырмалы түрде аз соманы сұрайды. Ақшаны аты-жөні көрсетілмейтін банк картасына немесе бөгде есепшотқа аударуды өтінеді. Сондықтан мұндай өтініш түскен жағдайда, алдымен адамға тікелей видео арқылы хабарласып, ақпараттың рас-өтірігін нақтылап алған дұрыс. Қарызға ақша берген күнде де тек өзінің шотына аударыңыз.

Иә, жаз мезгілінде құрылыс жұмыстары көбейеді. Ал мұндайда жұмыс тобын өзге мемлекеттен іздейміз. Осы мүмкіндікті де алаяқтар тиімді пайдаланып үлгіруде. Мамандардың айтуынша, өзін құрылыс бригадасының өкілі ретінде таныстырған адамдар алдын ала жол ақысы немесе басқа да шығындар үшін ақша сұрайды. Кейін шекарадан өте алмай жатқанын, айыппұл төлеу қажет екенін айтып, тағы да қаражат талап етеді. Ақыр соңында байланысқа шықпай қояды. Ақша да, жауапты адам да, үйіңізге жасалу қажет жұмыс та ғайып болады.

Дроппер – мамандар дәл осы ұғым жайлы кеңінен айтып түсінірді. Дроппер дегеніміз интернет-алаықтарға өзінің банк картасын ақылы түрде беретін азаматтар. Яғни, алаяқтар жәбірленушінің шотындағы қаражатты ұрлау үшін дроппердің картасын пайдаланады.

– Мысалы, қазір алаяқтар «Instagram», «Telegram» және «Face-book» әлеуметтік желілерінде «жұмыс бар», «онай табыс табуға болады» деген жарнамаларды жиі таратады. Шарты да ол-онай: сіз банк картаныңыз немесе реквизиеттерді бересіз, ал олар әрбір ақша аударымы үшін 5 мыңнан 50 мың теңгеге дейін комиссия төлейтіндерін айтады. Алайда бұл – заңсыз схема. Шын мәнінде, қылмыскерлер мұндай карталарды интернет алаяқтықтан және өзге де қылмыстардан түскен қаражатты аудару немесе қолма-қол ақшаға айналдыру үшін пайдаланады, – дейді мамандар.

Тағы да ескеретін жайт, көпшілік алаяқтарға SMS код немесе жеке мәліметті айтып қойса, бірден несиесі рәсімделеді деп ойлайды. Алайда мамандардың сөзінен, алаяқтарға ол дерек қажет те емес. Олардың мақсаты – сізді қалай да болсын алдап, қорқытып, ерікті түрде несиесі рәсімдегіп, қаржыңызды шетелдік шоттарға аудартып алу. Қазір банктерде несиесі рәсімдеу

Интернет-алаықтық қылмыстарының саятқы шаралары туралы

- онлайндәрі қауіпсіз ақпарат ал !
- жауапкерші өсетіңіз !
- отбасыңыз қорға !
- қалтаңыз бөкс !
- Қоғамды қауіпсіз етуге үлес қос !

Қызылорда облысы Полиция департаменті
• Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы •

үшін міндетті түрде фото немесе бейневерификациядан өту міндеттелген. Сондықтан кодты айтқанның өзінде де егер фото-видео верификация өтіп, рұқсатыңызды бермесеңіз, ешкім сіздің атыңызға несиесі рәсімдей алмайды.

«Саятқыта қорлық жоқ», «саятсансаң – саяттайды» демекші, «мені ешкім алдай алмайды» деп жәйбарақат жүрудің қажеті жоқ. Онлайн алаяқтардың қандай тәсіл арқылы жұмыс істейтінін, алданған жағдайда қылмын байланысу қажет екенін біліп, қаперде ұстаған жөн. Мұнымен қоса Полиция департаменті жариялайтын ақпарат, видеоролик пен хабарландыруларға көңіл бөлуді ұсынамыз.

Інжу МАРЖАН



Ел көру, жер көру – талай жастың арманы. Түркияның жылы ауа-райы, Үндістанның тылсым мәдениеті... Өлемде көздің жауын алатын елдер көп-ақ. Бірақ кейде арман қуып, сол елге жеткенде «Ал, енді қайда барамын? Не көруім керек?» деп абдырап қалатынымыз рас. Дәл осындай сәтте жаныңнан жол сілтейтін тәжірибелі жолсерік табылса ғой, шіркін! Осы орайда біз Польша елінде білім алып, оның әрбір бұрышын өз көзімен көрген Айдана Тамабаймен сырластық.

– Польшада міндетті түрде Гданьск қаласына барып көріңіздер. Бұл Балтық теңізінің жағасында орналасқан, өзінің әдемілігімен ерекшеленетін қала. Мұндағы «Ұзын базар» көшесі, Нептун субұрқағы және әсем сәулетті үйлер қаланың сауда орталығы болғанын еске салады. Сонымен қатар әлемдегі ең үлкен кірпіш шіркеу – Әулие Мария шіркеуі дәл осы қалада орналасқан. Шіркеудің мұнарасына көтерілген кезде бүкіл қаланың керемет көрінісі ашылады. Ескі қала, теңіз, қызыл шатырлы үйлерді төбеден көруге мүмкіндік аласыз.

Мұнда келіп, Варшаваны көрмеу – үлкен қателік. Ол – елдің астанасы. Екінші дүние-жүзілік соғыс кезінде қаланың тарихи орталығы толығымен қирап, үйіндегі айналған. Алайда соғыстан кейін поляк халқы ескі сызбалар мен фотосуреттерге сүйене отырып, ескі қаланы қабырғасына дейін дәлме-дәл қайта тұрғызды. Қаланың ЮНЕСКО-ға енген ескі үйлерін, патша сарайы мен елдің ең биік ғимараты – Мәдениет және ғылым сарайын міндетті түрде көру керек.

Ал Польшадағы ең танымал теңіз жағалауындағы курорттардың бірі «Сопотқа» бару – көптің арманы. Саяхатымыздағы ең сүйікті орын. Бұл жерге демалу, теңіз ауасын тыныстау және жай ғана уақыт өткізу үшін келу керек. Сопоттың ең басты ерекшелігі – жайлы атмосфераcы, ұзын жағажайы мен Еуропадағы ең ұзын ағаш пирстерінің бірі.

Тарихты жақсы көретіндер үшін Аушвиц-Биркенау мемориалы қызық болмақ. Бұл жерге бару арқылы тарихпен жақынырақ танысып, екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі оқиғалар туралы білуге болады. Мұнда музейлер, ғимараттар және тарихи экспозициялар орналасқан. Бұрынғы концлагерьдің әйгілі қақпасы мен барактары кез келген адамды таңқалдырады.

● ОҚЫРМАНҒА КЕҢЕС

ТҮЙІНДЕМЕНІ ҚАЛАЙ ЖАЗУ КЕРЕК?

Бүгінде жұмыс іздеу бұрынғыдан әлдеқайда күрделі. Бір бос жұмыс орнына ондаған, кейде жүздеген адам үміткер болады. Осындай бәсекеде жұмыс беруші әр үміткермен жеке сөйлесуге уақыт таппайды. Сондықтан алғашқы шешім көбіне бір ғана құжатқа сүйеніп қабылданады. Ол – түйіндеме. Оны қалай дайындау керек?



Суреттер ашық дереккөзден алынды

Өкінішке қарай, көптеген жас маман түйіндемені жай ғана өмірбаян деп қабылдайды. Интернеттен дайын үлгіні көшіріп, аты-жөнін ауыстырып, бірнеше жолды толтыра салады. Алайда мұндай жүйе бүгінде актуалды емес.

Ең жиі кездесетін қателіктің бірі – «қабілеттерім» немесе «дағдыларым» бөлігін жалпылама сөздермен толтыру. Мысалы, «жауапкершілігі жоғары», «ұқыпты», «адамдармен тез тіл табысады», «Microsoft Word бағдарламасын біледі», «енбеккор» деген тіркестер бүгінде ешкімді таңғалдырмайды. Себебі мұндай қасиеттер жаз келген жұмысқа қабілетті адамның бойында болуы керек. Жұмыс беруші үшін күр сөзден гөрі нақты нәтиже әлдеқайда маңызды.

Мәселен, «Word бағдарламасын білемін» дегеннің орнына «ресми құжаттарды талапқа сай рәсімдеймін, күрделі форматтағы есептерді дайындаймын» деп жазу әлдеқайда әсерлі. Ал «жауапкершілігім жоғары» деудің орнына «университет қабырғасында бірнеше жобаны мерзімінен бұрын аяқтап, команда жұмысын үйлестірдім» деген нақты дерек немесе мысал, сол бағыттағы жетістіктеріңіз туралы жазғаныңыз абзал. Басқаша айтқанда, қасиетті емес, сол қасиетті дәлелдейтін әрекетті көрсеткен жөн.

Тағы бір жиі жіберілетін ағаттық – барлық жұмыс орнына бір ғана түйіндемені жіберу. Әр мекеменің талабы әртүрлі. Егер журналист болып орналасқыңыз келсе, жазу тәжірибенізді, жарияланған мақалаларыңызды, сұхбат алу немесе ақпарат жинау машығыңызды көрсетіңіз. Ал маркетинг саласына өтініш берсеңіз, әлеуметтік желідегі жұмыс тәжірибенізді, жарнамалық жобаларды немесе аналитикалық қабілетіңізді алдыңғы қатарға шығарыңыз. Яғни түйіндеме бос жұмыс орнының талаптарына бейімделуі қажет.

Кейбір жастар оқу орнын, мектепті, алған барлық сертификатын, қатысқан әрбір семинарын тізгіп жазады. Алайда

жеке бастамаңызбен қандай да бір жобаны жүзеге асырсаңыз, мұның барлығы да тәжірибе саналады. Ең бастысы – одан қандай нәтиже шыққанын көрсету. Мысалы, «ерікті болдым» дегеннен гөрі «50-ден астам қатысушыны қамтыған қайырымдылық шарасын ұйымдастыруға атсалыстым» деген сөйлем әлдеқайда құнды.

Түйіндеменің сыртқы безендірілуі де назардан тыс қалмауы тиіс. Құжат көзге жеңіл оқылатын, бөлімдері анық бөлінген, қарпі біркелкі болғаны жөн. Артық түс, ерекше қаріп немесе қажетсіз сурет ресмилікті төмендетуі мүмкін. Сонымен қатар орфографиялық және пунктуациялық қателер жұмысқа деген жауапсыз көзқарастың белгісі ретінде қабылданады. Сондықтан жіберер алдында мәтінді бірнеше рет мұқият тексерген абзал.

Қазір көптеген жұмыс беруші кандидаттың цифрлық ізін де назарға алады. Сондықтан түйіндемеге кәсіби әлеуметтік желідегі парақшанызды немесе портфолионыздың сілтемесін қосуға болады. Әсіресе дизайнер, журналис, фотограф, мобилпограф секілді мамандар үшін бұл үлкен артықшылық. Атқарған жұмысыңызды көзбен көруге мүмкіндік беріңіз.

Естесактайтын тағы бірмаңызды қағида бар. Түйіндеме өзіңізді мақтауға арналған жарнама емес, кәсіби мүмкіндігіңізді дәлелдейтін құжат. Сондықтан жалған ақпарат жазудан, тәжірибені асыра көрсетуден немесе меңгермеген дағдыны білемін деп көрсетуден аулақ болған жөн. Себебі сұхбат барысында мұның бәрі онай анықталады.

Әрине жақсы жазылған түйіндеме жұмысқа бірден қабылдануға кепілдік бермейтін шығар, десе де ол сізді жүздеген үміткердің арасынан ерекшелендіретін бірден бір құрал. Сондықтан түйіндемеңізге заманауи көзқараспен қарап, жаңа идеялармен толықтырсаңыз өзіңізге жақсы.

Қорлан САРЫ

ПОЛЬШАДАҒЫ ҚАЙ ЖЕРЛЕРГЕ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ БАРУ КЕРЕК?

Кейін Краков қаласын да көруге кеңес беремін. Польшаның ежелгі астанасы ескі қала мен патшалар жерленген Вавель сарайымен таны-мал. Мұндағы алып «Нарық алаңы» мен көне шіркеулер қалаға ерекше сән беріп тұрады.

Польшаны тек көріп қана қоймай, оның тарихымен танысқыңыз келсе, кейіпкер атаған жерлерге міндетті түрде барып көріңіз. Сәттілік, жас саяхатшы!

М.МАЙБЕКҚЫЗЫ



бағдарламаларына қатысуға және шетелде білім алуға жол ашады. Алайда бұл тестке қалай тиімді дайындалуға болады? Қандай әдіс нәтиже береді? Осы сауалдарға жауап алу үшін IELTS пәнінен оқытушының тәжірибесіне сүйендік.

IELTS ЕМТИХАНЫНАН ЖОҒАРЫ БАЛЛ АЛАМЫН ДЕСЕҢІЗ...

Кейінгі жылдары жастардың ағылшын тілін үйренуге деген қызығушылығы айтарлықтай артқан. Акерке Ағыбайдың айтуынша, ол ай сайын шамамен 30-40 студентті IELTS емтиханына дайындайды. IELTS сертификаты беретін артықшылығы көп.

Қазіргі талапқа сәйкес, IELTS емтиханынан 6.0 ұпай жинаған оқушы ҰБТ-дан қосымша 50 балл алады. Бұл ЖОО-ға түсу жолындағы бәсекелестікті жеңілдетіп, талапкердің мүмкіндігін арттырмақ. Екіншіден, университетке түскеннен кейін академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы бір семестр бойы шетелдік оқу орнында білім алуға жол ашылады.

Дегенмен жоғары нәтиже бір күнде келмейді. Кейіпкердің пікірінше, IELTS-ке дайындалудың басты қағидасы – өз-өзінді алдамау. Көптеген оқушы тек сөз жаттаумен немесе грамматиканы қайталаумен шектеледі. Алайда мұндай тәсіл ұзақ мерзімді нәтиже бермейді. «Құр сөзді жаттай беру – ең үлкен қателіктің бірі. Тілді өмірде қолданбасаң, жаттағаның тез ұмытылады», – дейді ол.

Акеркенің айтуынша, IELTS емтиханы төрт негізгі дағдыдан тұрады: тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым. Табысқа жету үшін осы төрт бағытты қатар дамыту керек. Бір дағдыны жетілдіріп, екіншісін назардан тыс қалдыру емтихан нәтижесіне кері әсерін тигізеді. Сондықтан күн сайын әрқайсысына уақыт бөліп, жүйелі түрде дайындалу қажет.

Тілді меңгерудің тағы бір тиімді жолы – оны күнделікті өмірде қолдану. Кейіпкер студенттеріне халықаралық тілдік платформалар арқылы шетел азаматтарымен сөйлесуді ұсынады. Әсіресе «HelloTalk» секілді қосымшаларда түрлі елдің тұрғындарымен тілдесіп, еркін әңгімелесу тілдік кедергіні жоюға көмегін тигізеді. «Сен оқыған нәрсенді сол сәтте қолданып көрсен, мың оның қажет екенін түсіңді. Сонда ғана жаңа ақпарат ұзақ уақыт есте сақталады», – дейді оқытушы.

Оның тәжірибесінде студенттердің қызығушылығын сақтауға арналған ерекше тапсырмалар да бар. Мәселен, күніне небәрі он жаңа сөз жаттау ұсынылады. Бірақ ең маңыздысы – сол сөздерді жаттап қана қоймай, оларды өмірде қолдану. Студенттер жаңа сөздерді пайдаланып қысқа бейнеролик түсіреді немесе достарына сұрақ қойып, сөйлесу барысында қолданады. Бұл әдіс сөздік қорды табиғи түрде байытып, сөйлеу машығын қалыптастырады. «Тіл – тек кітаптағы ереже емес, ол – қарым-қатынас құралы. Сондықтан оны жаттаудан бұрын, күнделікті өмірде қолдануды да үйрену керек», – дейді маман.

Кейбір студенттердің жетістігі дәл осы жүйелі еңбектің нәтижесі. Оның шәкірттері арасында бастапқыда IELTS-тен 5.5 ұпай жүрген жастар күнделікті практика жасап, барлық тапсырманы уақытылы орындаудың арқасында нәтижесін 6.5 баллға дейін көтергендер аз емес. Бұл – тұрақты еңбек пен дұрыс әдістemenің жемісі.

Әрине кез келген дайындық барысында шаршау, жігердің төмендеуі немесе өз мүмкіндігіне күмәндану секілді кезеңнің болуы орынды. Мұндайда адамның алға жетелейтін ең үлкен күші – мақсаты мен арманы. Кейіпкердің сөзінен, қызығушылықты сақтап тұратын ең мықты құрал – болашақта осы еңбектің міндетті түрде ақталатынына деген сенім. «Арманыңа жететініне сенсен, күнделікті дайындық та ауыр көрінбейді. Сол сенім ғана адамды тоқтатпай, алға жетелейді», – дейді ол.

Шын мәнінде, IELTS – тек емтихан емес, адамның тәртібін, табаңдылығын және жауапкершілігін сынайтын белес. Жоғары нәтиже кездейсоқ келмейді. Ол күн сайынғы ізденіс пен үздіксіз еңбектің, қателіктен қорықпай қадам жасаудың нәтижесі. «Тамшы тама берсе – тас жаралды» демекші, күн сайынғы аз ғана қадам уақыт өте келе үлкен жетістікке айналады.

Фариза ТҮРЕХАНОВА

Басы 1-бетте

– Жас болсаңыз да бірнеше мекемеде еңбек етіп, әртүрлі ұжымда жауапты қызмет атқардыңыз. Университеттен бастап «Анаға тағзым» орталығы, «Отбасы» орталығы секілді мекемелердегі тәжірибе сіздің кәсіби әрі тұлғалық қалыптасуыңызға қалай әсер етті?

– Студент кезден бастап еңбек еттім. Шығармашылыққа жақын болғандықтан сұлулық саласында, би өнерінде, «Жастар театрында» жұмыс істедім. Кейін той ұйымдастыру орталығын ашып, бірнеше жыл осы салада қызмет еттім. Бұл кезеңдердің әрқайсысы адамдармен қарым-қатынас орнатуыма, ұйымдастырушылық қабілетімді дамытуға үлкен ықпал етті.

ЖОО-ны тәмамдаған соң тұрмыс құрып, екі баланың анасы атандым. Үш жыл декреттік демалыста болып, кейін негізгі еңбек жолымды Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Қыз Жібек» үйірмесінің төрағасы, журналист және мұражай менгерушісі қызметінен бастадым.

Университет қабырғасында көптеген студентпен етене жұмыс істедім. Сол жылдары талай жастың шығармашылық қабілетін ашуға үлес қосып, олардың дамуына бағыт-бағдар бердім. Кейін «Анаға тағзым» орталығынан ұсыныс түсіп, еңбек жолымды сол жерде жалғастырдым. Алғашында маман, кейін «Бойтұмар»



ЕҢБЕК ПЕН ІЗДЕНІС ТАБЫСҚА БАСТАЙДЫ

қыздар клубының жетекшісі қызметін атқардым. Уақыт өте бөлім басшысы, одан соң директордың орынбасары қызметіне тағайындалдым. Кейін өңірде «Отбасы» орталығы ашылып, ол «Анаға тағзым» орталығымен бірлесіп жұмыс істеді. Сол мекемеде менгеруші қызметін негізгі жұмысыммен қатар алып жүрдім.

Қазір жүріп өткен еңбек жолыма көз жүгіртсем, әрбір қызмет маған баға жетпес тәжірибе сыйлағанын түсінемін. Әр ортадан өзіме қажет білім мен өмірлік сабақ алдым. Егер бүгінде белгілі бір нәтижеге жетіп, жауапты қызмет атқарып жүрсем, оның артында маңдай тер, үздіксіз еңбек және өзімді үнемі дамытуға деген құлшыныс жатыр. Мен үшін ең маңыздысы – қызмет қуу емес, қоғамға пайдамды тигізу. Егер өз тәжірибеммен, еңбегіммен адамдарға, әсіресе жастарға бағыт-бағдар беріп, оң әсер ете алсам, онда бұл менің ең үлкен жетістігім. Дегенмен әлі алар асуым алда, үйренерім көп. Сондықтан жаңа білім мен жаңа тәжірибеге әрдайым ашықпын.

– **Журналистика, блогерлік, ұстаздық һәм қоғамдық жұмыстар. Осы салалардың қайсысы өзіңізге жақын? Жеке брендіңіздің қалыптасуына қай бағыт көбірек ықпал етті?**

– Шынымды айтсам, бір ғана саланы «ерекше» деп бөліп айта алмаймын. Өйткені олардың барлығы жүрегіме жақын. Бұл бағыттардың бәрін де нолден бастап, қатар алып келемін.

Ал жеке брендімнің қалыптасуына ең көп ықпал еткен сала – блогерлік дер едім. Себебі барлық кезеңде оны негізгі қызметіммен қатар алып жүрдім. Бұл мен үшін көп дүниені үйреткен үлкен мектеп болды.

Дегенмен журналистиканың орны ерекше. Себебі барлық қызметімнің бастауында осы салаға деген қызығушылық пен махаббат жатыр. Студент кезімнен жергілікті телеарналарда еңбек етіп, тәжірибе жинадым. Телебағдарламалар мен жаңалық жүргізіп, алғашқы авторлық материалдарымды әзірледім. Бұл маған журналистиканың қыр-сырын менгертіп қана қоймай, аудиториямен жұмыс істеуді, ақпаратты сауатты жеткізуді және көпшілік алдында еркін сөйлеуді үйретті.



Менің ойымша, бұл салалардың барлығы өзара тығыз байланысты. Журналистикадан алған білімім әлеуметтік желіде сапалы контент жасап, аудиторияның сеніміне ие болуыма үлкен көмегін тигізді. Блог жүргізу арқылы түрлі жобаны жүзеге асырып, жеке брендімді қалыптастырдым. Кейін осы бағыттағы тәжірибеммен бөлісіп, курстар өткіздім. Бүгінде шәкірттерімнің арасында халыққа танылып жүргендері бар. Бұл мен үшін үлкен қуаныш.

Блогерлік тек әлеуметтік желіге фото немесе видео жариялаумен шектелмейді. Оның артында үздіксіз ізденіс, тың идея, шығармашылық жауапкершілік пен тұрақты еңбек жатыр.

Қазір осы тәжірибемді педагогикада да тиімді пайдаланып жүрмін. «Жас медиа» үйірмесіндегі оқушыларға журналистиканың негіздерімен қатар блогерлікті де үйретемін. Бүгінгі балалардың көбі әлеуметтік желіге қызығады. Сондықтан оларға контент жасауды ғана емес, ақпараттық сауаттылықты, айтылған сөздің жауапкершілігін, жеке бренд қалыптастыруды және әлеуметтік желіні пайдалы құрал ретінде пайдалануды үйретуге тырысамын.

– **Ел Президенті Қасым Жомарт Тоқаевпен кездестіңіз. Сол уақытта қандай әсер алдыңыз? Қайткенменде жүгі ауыр, маңызды кездесу ғой.**

– Мемлекет басшысымен өткен кездесу өмірімдегі ең жарқын әрі ерекше сәттердің бірі болды. Қасым-Жомарт Кемелұлын «Анаға тағзым» орталығымен және өзім жетекшілік еткен үйірменің жұмысымен таныстыру – мен үшін үлкен мәртебе. Президенттің алдында сөз сөйлеу кез келген адамға бұйыра бермейтін мүмкіндік. Сондықтан бұл кездесуді тағдыр сыйлаған үлкен сенім әрі зор жауапкершілік ретінде қабылдадым.

Сол сәт әлі күнге дейін көз алдымда. Өмірімнің ең қымбат естеліктерінің бірі. Кездесу маған зор мотивация берді. Еңбектің ешқашан елеусіз қалмайтынын тағы бір мәрте сезіндім. Бұл мүмкіндікке біреудің емес, өз еңбегімнің, ізденісімнің және адал қызметімнің арқасында қол жеткіздім. Сонымен қатар маған сенім артқан басшыларымның қолдауы да үлкен рөл атқарды.

– **Беріге ойысасқ, жақында облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлымен өткен жастар саясатына арналған кездесуге қатыстыңыз. Басқосуда қандай өзекті мәселелер көтерілді? Жалпы бүгінгі жастардың қоғам өміріне белсенді араласуы үшін не жетіспейді деп ойлайсыз?**

– Кездесу барысында жастар саясатын дамыту, білім беру жүйесін жетілдіру, жас кәсіпкерлерді қолдау, қоғамдық бастамаларды жүзеге асыру және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жастардың қосар үлесін арттыру мәселелері ашық талқыланды. Жастар еркін форматта өз ұсыныстары мен сауалдарын айтып, аймақ басшысынан нақты жауап алды.

Осындай кездесулер жиі ұйымдастырылса екен деймін. Себебі жастардың тың идеялары мен ұсыныстары қоғамның дамуына жаңа серпін береді.

Ал жастардың белсенділігіне келсек, менің ойымша, ең алдымен батылдық жетіспейді. Иә, жастарда идея бар, бірақ оны жүзеге асыруға келгенде сенімсіздік танытады. Соған қарамастан өсіп келе жатқан бүгінгі ұрпаққа үлкен үмітпен қараймын. Өз



пікірін еркін жеткізе алатын, жаңашыл әрі белсенді жастар көбейіп келеді. Сондықтан алдағы уақытта олардың қоғамдық өмірге, мемлекеттік басқаруға және елдің дамуына қосар үлесі арта түсетініне сенемін. Біздің міндет сол жастарға сенім артып, олардың бастамаларына қолдау көрсетіп, дұрыс бағыт-бағдар бере білу.

– **Қызметіңізде де, қоғамдық өмірде де үнемі ізденіс үстінде жүресіз. Алдағы уақытқа жоспарыңыз қандай? Өмірден өз орнын іздеп жүрген жастарға не айтар едіңіз?**

– Иә, жоспар көп. Бірақ кейде ең дұрыс шешім сол жоспармен емес, оның нәтижесімен бөлісу деп ойлаймын. Сондықтан алдағы жобаларымды жуырда әлеуметтік желідегі парақшаларымда жариялаймын.

Жастарға айтарым: ешқашан тоқтап қалмаңыздар. Қай салада жүрсеніздер де, үнемі ізденіңіздер. Білім алуға ешқашан кеш емес. Қазір білімді әрі бәсекеге қабілетті адамдардың дәуірі. Сондықтан кітап оқудан, жаңа дүниені үйренуден қашпаңыздар. Ең алдымен өздеріңізге сеніңіздер. Өзгенің жетістігімен емес, кешегі өзіңіз бен бүгінгі өзіңізді салыстырыңыз. Армандарыңызға адал болып, еңбек етуден жалықпаңыздар. Себебі табыс бір күнде келмейді. Бірақ табанды еңбек пен тұрақты ізденіс түбінде өз жемісін береді.

– **Сұхбатыңызға рақмет!**

Сұхбаттасқан **Нұршат НЫШАНОВА**

ЖАСТАР ДИПЛОМАТИЯСЫ ЖАҢАРҒАН АЛАҢ

Еуразия кеңістігіндегі қауіпсіздік, саясат, экономика және гуманитарлық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған халықаралық Шанхай ынтымақтастық ұйымы бар. 25 жылдан бері тұрақты түрде маңызын жоғалтпай, әлемдік аренадағы өзекті мәселелердің шешілуіне ұйытқы болған ұйым туралы көп айта беруге болады.

Елдер арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік беретін алаң жастарға да арнайы басымдық беріп отыр. Яғни, ШЫҰ аясында жыл сайын Жастар кеңесі тұрақты өтіп отырады. Құрамында бар 10 мемлекеттің өкілдері басқосуға арнайы келіп, өз еліндегі жастардың басым бағыттары бойынша бөлісіп, байланысты күшейтіп, тәжірибе алмасады. Міне, осындай бір үстел



басындағы басқосу 16-19 шілде күндері Қырғыз Республикасының Бішкек қаласында өтті.

Іс-шараның алғашқы күні Қырғыз Республикасының ШЫҰ Жастар кеңесіндегі Ұлттық бөлігінің төрағалығы аясында ІІІ Жастар туризмін дамыту форумы ұйымдастырылды. Ала-Арча демалыс аумағында өткен кездесуде Қытай, Ресей, Үндістан, Пәкістан, Беларусь, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстан елдерінің жастары сөз алып, жастар туризмін дамыту туралы ой қозғады. Сонымен қатар әлемдік тәжірибеде басты назарға алатын жайттарды баяндап, пікір алмасты.

Ал екінші күні ШЫҰ Жастар кеңесінің XIX отырысы өтті. Форумның ашылуына Қырғыз Республикасы Министрлер Кабинеті Төрағасының орынбасары Ұлан Эркинович Маматканов және Қырғыз Республикасының Мәдениет, ақпарат және жастар саясаты министрінің бірінші орынбасары Союзбек Надырбекұлы арнайы қатысты.

Арнайы делегаттар биылғы тың өзгерістерді қозғап, жастардың атқарған жұмыстарына тоқталып, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелерін талқылады.

Кездесу соңында делегаттар Қырғыз Республикасының тарихымен танысу үшін Бішкек қаласындағы орталық музейге арнайы барды.

Айта кету керек, 2027 жылғы ШЫҰ Жастар кеңесінің XIX отырысы Пәкістан Ислам Республикасында өтеді. Ал 2024 жылы ШЫҰ Жастар кеңесіне төрағалық ету мәртебесі Қазақстанға тиесілі болған еді. Бұл еліміздің халықаралық жастар ынтымақтастығын дамытудағы белсенді рөлін және ШЫҰ кеңістігіндегі жастар бастамаларын ілгерілетуге қосқан үлесін айқындайды.

«АЖ-ақпарат»




Миллиондаған адамның тағдырын, үмітін, қуанышы мен көз жасын тоғыстырған төртжылдық мундиаль мәресіне жетті. Тарихта ерекше із қалдырып, алғаш рет бірлесе қабылдаған АҚШ, Канада және Мексика елдеріндегі бәсеке айтулы рекордтарға толы болды. Ел болып алты апта бойы талқылаған аладоп бәсекесін кеңінен талқылағанды біз де құп көрдік.

Турнирдің басты ерекшелігі – қатысушылар санының 32-ден 48 командаға дейін артуы. FIFA бұл өзгеріс арқылы әлемнің көптеген еліне мүмкіндік беруді көздеді. Алғашында бұл шешімге күмәнмен қарағандар аз болған жоқ. Кейбір сарапшылар ойын сапасы төмендейді, турнир ұзаққа созылып кетеді деп болжады. Алайда чемпионат аяқталған соң бұл пікірдің басым бөлігі өзгерді. Жаңа формат футбол картасын кеңейтті. Бұрын әлем чемпионатына жолдама ала алмай жүрген мемлекеттер жаһандық додада бақ сынап, өз деңгейін көрсетті. Бұл әлем футболындағы географиялық теңгерімнің біртіндеп қалыптасып келе жатқанын аңғартты. Көрермен үшін бір ғана көңіл көншітпес жайт – сүренсіз кездесулердің көбеюі. Өйткені командалардың деңгейі бірдей емес. Дегенмен мұндай мүмкіндікке алғаш рет не болған ел аяқдопшылар мұндай пікірмен келіспейді.

ИСПАНИЯ – ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТЫҢ ЖЕҢІСІ

Өңгімені төрт жылдықты кубокпен түйіндеген Испания құрамасынан бастайық. Көпшілік Испанияны фавориттердің қатарына қосқанымен, олардан дәл осындай нәтиже күтпеген еді. Кейінгі он жылда испан футболында үлкен өзгеріс жүрді. 2010 жылғы алтын буын кеткен соң ұлттық құрама бірнеше турнирде тұрақсыз өнер көрсетті. Алайда федерация жастар академияларын жаңартып, ойын философиясын заман талабына бейімдей алды. Осылайша биылғы әлем чемпионатында Испания дәл осы еңбектің жемісін көрсетті.



Алғашқы Кабо-Вердемен топтағы ойында тең дәреже тіркелгенімен, олар артынша Уругвай мен Сауд Арабиясын қапы қалдырды. Топтан бірінші орынмен шығып, чемпиондық жолында тұрақты әрі сенімді ойын көрсетті. Плей-офф кезеңінде алдымен Аустрияны 3:0 есебімен ұтқан команда кейін, Португалияны 1:0, Бельгияны 2:1 есебімен жеңді. Жартылай финалда Францияға қарсы өткізген кездесуде 2:0 есебімен басым түсті. Осылайша, испаниялықтар шешуші ойынға дейін қорғаныста да, шабуылда да өздерінің мықты екенін дәлелдеді. Ал екінші жақтан Аргентина жартылай финалда Англиядан 2:1 есебімен басым түсіп, қатарынан екінші әлем чемпионатының финалына шықты. Сондықтан Испания мен Аргентина арасындағы ақтық сынга қызығушылық жоғары болды. Бір жағында допты бақылауға, қысқа әрі дәл пасқа негізделген испандық футбол тұрса, екінші жағында тәжірибесі мол, соңына дейін күресетін Аргентина құрамасы болды. Сонымен қатар бұл кездесу футболдың екі буынының бәсекесі ретінде де қабылданды. Бір жақта 39 жастағы Лионель Месси болса, қарсы бетте өзі түлеп ұшқан Ла-Масия жарқын түлектері өнер көрсетті.

Финалдың негізгі уақытында есеп ашылған жоқ. Испания допты көбірек бақылап, қарсылас қақпасына жиі шабуылдады. Аргентина негізінен қорғанысқа көңіл бөліп, жылдам қарсы шабуыл арқылы мүмкіндік іздеді. Аргентиналық қақпашы Эмилиано Мартинес

бірнеше қауіпті соққыны қайтарып, командасын ұзақ уақыт ойын ішінде ұстап тұрды. Кездесудің тағдырын қосымша уақыт шешті. 106-минутта алаңға қосалқы құрамнан шыққан Ферран Торрес Нико Уильямс пен Педро Порро бастаған нәтижелі шабуылды голмен аяқтады. Бұл финалдағы жалғыз әрі чемпиондықты сыйлаған гол болды. Испания қарсыласынан 1:0 есебімен басым түсіп, 2010 жылдан кейін араға 16 жыл салып әлем чемпионы атанды. Ал осы ойында гол соғылмай, барлығы пенальти сериясында шешіліп, Месси бастаған чемпиондар жеңімпаз атанса,

АЛАДОП МЕРЕКЕСІ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

нағыз әділетсіздік болар еді. Финалда сүренсіз өнер көрсетіп, жетістікке жетуде футбол заңы да қаламайды. Сондықтан түбінде барлығы испандықтардың пайдасына шешілді.

Испанияның жеңісін бір футболшының ғана еңбегі деп айтуға болмайды. Команданың басты күші бірлігі мен жүйелі ойыны болды. Бас бапкер Луис де ла Фуэнте әр футболшының мүмкіндігін тиімді пайдаланып, жүлдызды есімінен гөрі ортақ тәртіпке сүйенді. Испания финалда допка 65% иелік етіп, қарсылас қақпасына 12 дәл соққы бағыттады.

АРГЕНТИНА ТАҒЫ ТӘНТІ ЕТТІ

Бұл мундиальда әлемнің экс чемпионы Аргентина құрамасы өз жанкүйерлерінің үмітін толық ақтады. Тәжірибелі ойыншылар мен жаңа буын футболшыларының үйлесімі командалық финалға дейін алып келді. Әр матчта мінез көрсеткен аргентиналықтар қиын қарсыластарды жолдан тайдырып отырды.

Топтық ойындардағы жағдай әу баста жеребе тартылғаннан белгілі болған. Дәл солай алғашқы кездесуде Алжирді 3-0, одан соң Австрияны 2-0, Иорданияны 3-1 есебімен жеңіп, топта қош бастап шықты. Қызығы сол, үш кездесуде әлемді аяғына телмірткен Лионель Месси 6 гол соғып, таң қалдырды. Плей-офф ойындарында турнирдің жаңалығы болған Кабо-Вердемен иық тіресті. Айқын басымды аргентиналықтарда болған, дегенмен барлығы қосалқы уақытта шешілді. Одан кейінгі жағдай тіпті қиын болған. 1/8 ойынында Салах бастаған Египет құрамасы күтпеген жағдай тіркеп, негізгі уақыттың 80-ші минутына дейін 2-0 есебімен басым тұрған. Алайда Ромеро артында Месси, сосын Фернандес үсті-үстіне гол соғып, матч тағдырын 12 минутта шешіп тастады. Бұл тамаша камбэктен кейін әлем желіде әңгіме желдей есті. «Аргентинаны сүйреп жатыр, чемпион қылғысы келеді» деген секілді ағылған ақпараттан көз сүрінді. Десек те олар өздерінің жеңісті жорығында дәлелдеуге болатын кездесудің алда тұрғанын білмейтін еді.

1/4 ойындық кездесу. Европадағы қорғанысы мықты құрамалардың бірі Швейцария жігіттерімен жол түйісті. Мұнда да негізгі уақыттен тіркеліп, қосымша уақытта 3-1 есебімен жеңіске жетті. Біз айтып отырған кездесуі күні туды. Томас Тухелдің шәкірттері жолына түскенді жайлап, атарға оғын сайлап отырған. Скалоні екеуін қатар қойсақ, жолдары оңай болмаған бапкерлерді көреміз. Бұған дейін бірнеше финалда жолы болмай кеткен ағылшындықтар, ойынға сақадай сай болды. 60 минут алаңда лайықты қарсылық білдіріп, шабуылды үдете түскені бар. Осылайша Гордон тамаша гол соғып, финалға бір аяғымен шығып қойған. Міне, осы тұста неге екені белгісіз Англия құрамасы түсініксіз шешімге бет қойды. Барлығы бірдей қорғанысқа түсіп, доп тек аргентиналықтарда болды. Құлады, сүрінді, оңнан келгенін баспен, солдан келген шабуылды аяқпен шығарып отырды. Алайда мұндай қамалды 85-ші минутта Мессидің пасынан кейін Энсо Фернандес бұзып-жарды. Тамаша голдан кейін сенімділікке ие болған аяқдопшылар алаңда еркін көсілді. Сәтті пас алмасу ақырында тағы да Мессидің аяғына жетіп, оң аяғымен айып алаңына доп жеткізді де, қосалқы құрамнан шыққан Лаутаро Мартинес басым тамаша гол соқты. Соған дейін сыр бермеген қақпашы Пикфорд ақырында мұндай соққыларға дайын болмай шықты. «Қуан, Аргентина!» деп ән салған жігіттері осылай жеңісті жұлып алды. Ал шешуші жағдай бізге мәлім.

Ашығын айтуымыз қажет, Аргентина құрамасының ойыны көпшілікке ұнай қоймады. Алаңда мінезбен қарсыластарды қиратып, төрешінің қалтасынан сары қағаз



Суреттер ашық дереккөзден алынды

шығаруға итермелейді. Оның арғы жағында финалдағы кездесуден соң Парадестің не істегенін ел біледі.

ЕУРОПАНЫҢ ҮСТЕМДІГІ ЖАЛҒАСЫП КЕЛЕДІ

Кейінгі әлем чемпионаттарына көз жүгіртсек, шешуші кезеңдерде еуропалық құрамалардың тұрақты түрде жоғары нәтиже көрсетіп жүргенін байқаймыз. 2026 жылғы мундиаль да осы үрдісті өзгертпейді. Жартылай финалда Испания, Франция және Англия ойнаса,

Латын Америкасынан тек Аргентина ғана бұл кезеңге жетті. Бұл кездейсоқтық емес.

Еуропа елдері кейінгі жиырма жыл бойы футбол ғылымына, медициналық дайындыққа, аналитикаға және балалар академияларына миллиардтаған қаржы құйып келеді. Нәтижесінде олардың ұлттық құрамалары жоғары деңгейдегі ойыншыларды үздіксіз шығарып отыр.

2026 жылғы әлем чемпионаты тағы бір маңызды өзгерісті көрсетті. Қазіргі футболда жұлдыздардың көп болуы жеңіске жетудің кепілі емес. Командалар жоғары прессингке, әмбебап ойыншыларға және позициялық ойынға көбірек мән бере бастады. Қорғаушылар шабуылды бастайды. Жартылай қорғаушылар бірнеше қызметті қатар атқарады. Шабуылшылар қорғаныста да жұмыс істейді. Басқаша айтқанда, қазіргі футбол толыққанды командалық ойынға айналды.

Мұнымен қоса осындай ойындар жаңа буынның дәуірі басталғанын айқындады. Бұған дейін де әрбір әлем чемпионаты жаңа қаһармандарды дүниеге әкелді ғой. Бұл жолғы мундиаль да бұл дәстүрден жаңылған жоқ.

Жас футболшылар қысымнан қорықпай, шешуші сәттерде жауапкершілікті өз мойнына алды. Кейбірі әлемдік деңгейдегі жұлдызға айналса, енді бірі алдағы он жылдықтың басты ойыншыларының қатарына қосылатынын дәлелдеді. Яғни Ламин Ямаль, Пау Кубарси секілді жастар әлем футболының болашағы кімдердің қолында екенін көрсетті. Ерекше есте қалғаны финалдан кейін Месси мен Ямалдың құшақтасқан сәті өткен дәуір мен жаңа кезеңнің символындай әсер қалдырды.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ

2026 жылғы мундиаль тек спорттық емес, экономикалық тұрғыдан да рекорд жаңартқан турнир болды. Туризм, қонақүй бизнесі, әуе қатынасы, жарнама және телехабар тарату құқықтары миллиардтаған долларлық айналым қалыптастырды. Үш мемлекетте мыңдаған жаңа жұмыс орны ашылып, инфрақұрылымға салынған инвестиция ұзақ мерзімді экономикалық пайда әкелетін жобаға айналды.

Футбол бүгінде әлемдегі ең ықпалды индустриялардың бірі екенін бұл чемпионат тағы бір дәлелдеді. Ал енді мұндайдан Қазақстан қандай сабақ алады?

Ашығын айтайық, әлем чемпионаты аяқталған сайын қазақстандық жанкүйерлердің көкейінде бір сұрақ тұрады: біз бұл деңгейге қашан жетеміз?

Жауабы қарапайым болғанымен, жүзеге асыруы күрделі. Бірінші кезекте балалар футболын түбегейлі дамыту қажет. Екіншіден, кәсіби бапкер даярлау жүйесін күшейту маңызды. Үшіншіден, клубтардың инфрақұрылымын халықаралық талаптарға сәйкестендіру керек. Төртіншіден, футболды қысқа мерзімді нәтиже емес, ұзақ мерзімді инвестиция ретінде қарастыру маңызды.

Білеміз, Испания, Франция немесе Аргентина бір күнде чемпион болған жоқ. Олар ондаған жыл бойы қалыптасқан жүйенің нәтижесін көріп отыр. Қазақстан да дәл осындай жүйелі бағытты таңдағанда ғана әлем чемпионатына тұрақты қатысатын мемлекеттердің қатарына қосыла алады. Бұл жолғы бізді қуантқан жаңалықтың бірі – келесі төрт жылдық мерекесіне 64 команданың қатысуы. Ал бұл біздің ел үшін үлкен мүмкіндік. Әлем чемпионатына жолдама алып, жер-жаһанға ел аты шықса әрбір қазақстандық үшін үлкен мәртебе. Келесі мундиаль қайда өтеді десеніз, алғашқы кездесулерді Парагвай, Уругвай, Аргентина қабылдайды. Одан соң ойындар Испания, Португалия, Марокко елдерінде өтіп отырады.

Қорытынды. 2026 жылғы әлем чемпионаты футболдың өзгеріп жатқанын анық көрсетті. Жаңа формат өзін ақтады. Жас ойыншылар жауапкершілікті өз қолына алды. Тактикалық футбол жаңа деңгейге көтерілді. Физикалық дайындық пен технология бұрынғыдан да маңызды рөл атқарды.

Айта кетейік, турнир қорытындысында Испания құрамасының жартылай қорғаушысы Родри әлем чемпионатының үздік ойыншысы атанып, «Алтын доп» жүлдесін иеленді. Үздік қақпашыға берілетін «Алтын қолғап» Испания қақпашысы Унаи Симонға табысталды. Ол жарыс барысында жеті кездесуде қақпасына гол жібермеді. «Үздік жас ойыншы» атағын испаниялық Пау Кубарси алды. Ал турнирдің ең үздік сұрмергені Франция шабуылшысы Киллиан Мбаппе болды. Ол әлем чемпионатында 10 гол соғып, екінші рет қатарынан «Алтын бутсы» жүлдесін жеңіп алды. Мбаппе бұл көрсеткіш бойынша сегіз гол соққан Лионель Мессиді артта қалдырды.



ІТ

ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ: ҚОҒАМ ИГІЛІГІНЕ АРНАЛҒАН ЖОБА

Басы 1-бетте

– Шұғыла, ақпараттық технологияларға қызығушылығыңыз қашан басталды?

– Қызығушылық мектеп қабырғасында, 9-сынып оқып жүрген кезде басталды. Сол кезден бастап түрлі жоба жасап, өзімді дамытуға күш салдым. Әртүрлі жарысқа қатысып, тәжірибе жинадым. Ең алғаш хакатонға да дәл 9-сыныпта қатысқан едім. Досым екеуіміз мектепке арналған QR-код жобасын әзірлеп, жүлделі екінші орын алдық. Сол жетістік маған үлкен мотивация берді. Жалпы IT жарыстарына қатысуға деген қызығушылығымды оятқан жандардың бірі – ұстазым Айбек Оразбахов. Ол кісінің бағыт-бағдары мен қолдауы маған үлкен серпін берді.

– Жаңа IT жобаны әзірлеу барысында, ең алдымен, қандай мәселеге назар аударасыз?

– Менің ойымша, кез келген жоба нақты мәселенің шешімі ретінде дүниеге келеді. Сондықтан, ең алдымен, қоғамда қандай проблема бар екенін анықтаймыз. Содан кейін мәселені біздің жоба қалай шеше алатынын тапқылаймыз. Идеямызды саралап, оқытушыларымыз бен тәжірибелі мамандардан кеңес сұраймыз. Сонымен қатар әлеуетті қолданушылар арасында сауалнама жүргіземіз. «Біз ойлап тапқан жоба қоғамға не әкеледі?», «Ол қандай мәселенің шешімі болады?» деген секілді салмақты сұрақтарға жауап іздеп, кері байланыс арқылы жобаның кемшін тұстарын дамытамыз. Өйткені кез келген өнім, ең алдымен, адамның игілігіне жұмыс істеуі керек.

– Қазір қолға алған жобаңыз туралы айтып берсеңіз.

– Бүгінде біз «EcoQogam» атты экологиялық жобаны жүзеге асырып жатырмыз. Бұл – жастарды экологиялық белсенділікке тартуға арналған геймификацияланған мобильді қосымша. Жобаның негізгі мақсаты – табиғатты қорғауды жастар үшін қызықты әрі қолжетімді ету.

Қолданушы экологиялық тапсырмаларды орындап, ұпай жинайды. Белсенділігіне қарай түрлі бейжд бен сыйлықтарға ие болады. Сонымен қатар қосымшадағы «EcoKarta» арқылы қоқысты сұрыптау пункттері мен экологиялық аймақтарды оңай таба алады. Яғни, экологиялық мәдениетті қалыптастыру ойын элементтері арқылы жүзеге асады. Бүгінде қосымша Play Market платформасында жабық тестілеуден өтіп жатыр. Барлық тексеру кезеңі аяқталған соң Play Market пен App Store платформаларына жариялауды жоспарлап отырмыз.

– Бұл жобаны жүзеге асыруға не әсер етті?

– 2026 жыл біз үшін жемісті жыл болды. «EcoQogam» жобасы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі ұйымдастырған «Тәуелсіздік ұрпақтары – 2025» байқауында жеңімпаз атанып, 3 миллион теңге көлемінде грант ұтып алды. Бұл грант жобамызды әрі қарай дамытуға үлкен мүмкіндік берді. Қазір сол қаржының көмегімен мобильді қосымшаны жетілдіру жұмыстарын жалғастырып жатырмыз. Осындай қолдау жастардың тың идеяларын жүзеге асыруына зор серпін береді деп ойлаймын.

– Қалай ойлайсыз, экологиялық жобаға қызығушылық танытатындар көп пе?

– Иә, қазір табиғатты қорғауға бейжай қарамайтын жастар жетерлік. Экология мәселесіне үлес қосқысы келетін еріктілердің саны да артып келеді. Бұл – қуантарлық жағдай. Жастардың қоғамға пайдалы істерге белсенді араласуы – елдің болашағы үшін маңызды. Біз де жобамыз арқылы олардың белсенділігін арттырып, жақсы бастамаларды қолдағымыз келеді.

– Ендігі жоспарыңызбен бөліссеңіз. Алдағы уақытта сізден не күтеміз?

– Жоспар көп. «EcoQogam» жобасын толық іске қосқан соң, қолданушы санын көбейтуді мақсат етіп отырмыз. Сонымен қатар болашақта жаңа IT жобаларды жүзеге асыру ойымда бар. Технологияны мүмкіндігін қоғам игілігіне бағыттайтын тың идеяларды жүзеге асырып, өзімді осы салада жан-жақты дамытсам деймін. Үйрену үшін ешқашан тоқтамау керек. Сондықтан білімді жетілдіріп, тәжірибемді арттыра беремін.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Фариза ТУРЕХАНОВА

Адамның қолтаңбасы – оның ішкі мінезі мен көңіл-күйін білдіруі мүмкін. Иә, біреудің жазуы ұсақ әрі жинақы болса, енді бірінің әрпі үлкен болады. Кей адамның жазуына қарап-ақ «сабырлы секілді», «өте ұқыпты екен» деп топшылаймыз. Бірақ шынымен де жазу мәнері адамның мінезін айтып бере ала ма, елде бұл көпшілік сенетін миф пе? Бұл сауал бізге де қызық. Қарастырып көрейік.

Әр әріпті жазғанда адамның миы, жүйке жүйесі, бұлшық еттері бір мезетте жұмыс істейді. Сондықтан жазуды жай ғана қолдың қимылы деп айта алмаймыз. Ал әр адамның жазуы саусақ ізі секілді қайталанбайтын ерекшелікке ие. Осы ерекшелікті зерттейтін бағыт графология деп аталады. Графологтар адамның әріп өлшеміне, жолдың бағытына, қысым күшіне, әріптердің арақашықтығына қарап, оның мінезі мен эмоциялық күйі туралы қорытынды жасауға тырысады.

Графология XIX ғасырдан бері қолданылып келеді. Кей компания бұрын жұмысқа қабылдау кезінде үміткердің қолжазбасын талдаған. Тіпті сот сараптамасында да қолтаңбаны зерттеу тәжірибесі бар. Алайда қазіргі психология мен нейроғылым графологияға сақтықпен қарайды.

Көптеген ғылыми зерттеу графологтардың адамның мінезін дәл анықтай алатынын растамаған. Сондықтан графология ғылыми тұрғыдан толық дәлелденген әдіс ретінде қабылданбайды. Психологтар адамның тұлғасын бағалауда арнайы психологиялық тесттер мен сұхбат әлдеқайда сенімді нәтиже береді деп есептейді. Дегенмен қолжазба адамның

Суреттер ашық дереккөзден алынды

ӘЛЕМДІ САЛҚЫНДАТҚАН ӨНЕРТАБЫС

Денсаулыққа зиян екенін біле тұра үйді де, жұмыс орнын да салқындататын кондиционерді өшірмеуге тырысамыз. Ыстық күні төуелділік те артады. Бір қызығы, бұл технология алғашында салқындату мақсатында жасалмаған.

Ежелгі заманда Египет тұрғындары үйлерін ыстықтан қорғау үшін терезелерге дымқыл шөптер ілген. Бұл әдіс әлі күнге дейін ауылдық жерлерде қолданылады. Тек ылғал шөптің орнын газет немесе бөз маға, арнайы жабындар алмастырған. Кейін уақыт өте келе салқындатудың жаңа әдістері жарыққа шыға бастады. XIX ғасырдың басында физик Михайл Фарадей аммиақты сығып, сұйылту арқылы ауаны суытуға болатынын дәлелдеді. Ал 1902 жылы Виллис Кэрриер әлемдегі алғашқы механикалық ауа баптау жүйесін жасап шығарды. Қазіргі заманғы кондиционердің негізі осы уақытта қаланды. Ауа баптағыштың шығу тарихы да ерекше оқиғамен байланысты. Бруклиндегі ылғал ауа райы адамдардан бұрын баспаханаға кері әсерін тигізген еді. Жоғары ылғалдылықтан қағаздар жиырылып қала берген соң, Виллис Кэрриер есімді америкалық инженер мәселенің шешімі ретінде кондиционер жобасын жасаған. 1906 жылы Виллис өзінің «ауаны өңдеу аппаратына» ресми патент алып, нәтижесінде 1915 жылы Carrier Engineering Corporation компаниясы дүниеге келді. Алғашқы жылдары бұл жүйелер үлкен зауыттар мен фабрикаларда ғана қолданылған.

Уақыт өте келе кондиционердің қолдану аясы кеңейіп, көпшіліктің назарын өзіне аударғты. Мәселен, алғаш рет 1922 жылы Нью-Йорктегі Rivoli Theater кинотеатрында кондиционер орнатылды. Жаздың ыстығында кино көруге келген көрермен саны күрт артты. Ал Сан-Антониодағы Milam Building кеңсесі 1928 жылы орталықтандырылған ауа баптау жүйесі салынған алғашқы ғимарат болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана кондиционерлер үйге, дүкендерге және жеке көліктерге орнатыла бастады. Олар көлемі жағынан кішірейіп, қауіпсіз әрі қолжетімді бола түсті.

Кондиционердің негізгі құрылымы жабық циклді хладагент (фреон) айналымына негізделген және ол бөлмедегі жылуды сыртқа шығару арқылы жұмыс істейді. Бүгінде инверторлық технологиялардың басқару жүйелері әлдеқайда жетілген. Құрылғылар тек бөлме ауасын салқындатып қана қоймай, оны тазартады, ылғалдандырады және жылытады. Мамандар кондиционер тандағанда екі параметрге баса назар аудару керегін айтады. Алдымен инверторлық (Inverter) үлгіні тандаған жөн. Себебі бұл үлгі ақырын айналып тұрады. Сәйкесінше бұл тоқты 30-40%-ға үнемдейді,

Сондықтан дәрігерлер кейде жазу үлгісіндегі өзгерістерді қосымша белгі ретінде қарастырады. Қызығы, адамның ресми қолтаңбасы мен күнделікті жазуы әртүрлі болуы мүмкін. Кейбірі құжатқа өте күрделі қолтаңба қояды, ал күнделікті өмірде қарапайым жазады. Психологтардың айтуынша, қолтаңба көбіне адамның өзін қоғамға қалай көрсеткісі келетінін білдіреді. Бірақ бұл да нақты дәлелденген ғылыми заңдылық емес. Сызықтар кейде сыр шертеді. Бірақ адамның шын болмысын тану үшін бірнеше жолға жазылған әріптен гөрі оның ісі, сөзі және өмірдегі таңдауы әлдеқайда көп мағына беретінін ұмытпаған абзал.

Инжу МАРЖАН



Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі			
Ақмешіт ЖАСТАРЫ Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPU00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген. «Ақмешіт жастары» республикалық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.	БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	
	Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10 БАС РЕДАКТОР Дәулет ҚЫРДАН	Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz	Кезекші редактор: Нұршат НЫШАНОВА Таралымы: 4494 Тапсырыс: 1242